

№3 ДӘРІС

**АРАЛАС
ДИСТРОФИЯЛАР**

Аралас дистрофиялар – зат алмасу үдерісінің жасуша ішінде және жасуша аралық тінде бірдей бұзылуы.

Түрлері:

- Хромопротеидтер алмасуының бұзылуы;
- Нуклеопротеидтер алмасуының бұзылуы;
- Липопротеидтер алмасуының бұзылуы;
- Минералдар алмасуының бұзылуы.

Хромопротеидтердің түрлері:

- Гемоглобиногендік пигменттер;
- Протеиногендік пигменттер;
- Липидогендік пигменттер.

Хромопротеидтер немесе эндогендік пигменттер – адам тіршілігінде аса маңызды қызметтер атқарады. Мысалы, гемоглобин пигменті оттегіні тасымалдаушы, меланин пигменті организмді ультракүлгін сәулелерден қорғайды.

Гемоглобиногендік пигменттердің түрлері

Физиологиялық:

- ферритин
- гемосидерин
- билирубин

Патологиялық:

- гематоидин
- гематиндер
- порфириндер


Гемосидерин алмасуының бұзылыстары:

Жалпы және жергілікті гемосидероз

Жалпы гемосидероз – эритроциттердің қан тамыры ішінде ыдырауымен байланысты.

Жергілікті гемосидероз – эритроциттердің тамырдан тыс ыдырауы. Негізінен қан құйылу ошақтарында кездеседі.

Өкпенің қоңыр индурациясы (қатаюы) Перлс реакциясы x 200



Балаларда себебі белгісіз (идиопатиялық) өкпе гемосидерозы деген патология кездеседі. Егер өкпе гемосидерозы мен бүйрек қабынуы бірге дамыса, оны ***Гудпасчер синдромы*** деп атайды. Сонымен қатар, ***гемохроматоз*** деген тұқым қуалайтын ауру да бар. Бұл ауруға үш белгі тән: терінің қоңырлануы, қола түсті бауыр циррозы және қантты диабет. Бұл ауруда темір организмге шектен тыс сіңіп қалады.

Билирубин алмасуының бұзылыстары – сарғаюлар

- Бауырүстілік (гемолиздік)
- Бауырлық (паренхималық)
- Бауырастылық (механикалық)

Гемолиздік сарғаю – эритроциттердің интраваскулярлы ыдырауы кезінде дамиды.

Паренхималық сарғаю – бауырдың өз ауруларымен (гепатит, гепатоз, цирроз) байланысты.

Механикалық сарғаю - өт жолдары өт тастарымен тығындалып қалғанда немесе ісікпен басылып қалғанда дамиды.

Протеиногендік пигменттердің түрлері

- Меланин
- Энтерохромаффиндік жасушалар пигменті
- Адренохром

Меланина зат алмасуының бұзылуы

Гипермеланоз – меланин мөлшерінің жалпы немесе жергілікті көбеюі.

Меланин мөлшерінің жалпы көбеюі **Адиссон ауруында** кездеседі.

Меланиннің жергілікті көбеюін **қал немесе мең (невус)** деп атайды.

Гипомеланоз – меланин мөлшерінің азайып кетуі немесе болмауы.

Таралған түрі – альбинизм.


Жергілікті түрі – лейкодерма, витилиго.

Адренохром пигменті – бүйрек үсті безінің ішкі тор қабатында табылған.

Энтерохромаффиндік жасушалар – серотонин гармонын бөліп шығарады, олардан карциноид деген ісік өседі.


Көздің меланомасы

Гематоксилин-эозин x 400



Тік ішектің меланомасы

Гематоксилин-эозин x 400



Нуклеопротеидтер алмасуының бұзылуы

- Нуклеопротеидтердің (ДНҚ, РНҚ) ыдырауы нәтижесінде несеп қышқылының көп түзілуіне байланысты
- Подаграда, бүйректас ауруында, несеп қышқылына байланысты инфарктта кездеседі.

Липидогендік пигменттер алмасуының бұзылуы

Түрлері:

- Липофусцин
- Е дәрумені жетіспеушілігінің пигменті
- Цероид
- Липохромдар

Липофусциннің жалпы көбейіп кетуі – липофусциноз деп аталады.

Түрлері:

Біріншілік – тұқым қуалаушы

Екіншілік – қартайғанда және кахексияда (бауырдың қоңыр атрофиясы, миокардтың қоңыр атрофиясы).

Цероид – макрофагтарды липидтердің толық қорытылмауы нәтижесінде пайда болады. **Липохром** – майдың реңін анықтаушы пигмент. Оның мөлшері жасқа байланысты болады.

**Бауыр липофусцинозы
(бауырдың қоңыр атрофиясы).
Гематоксилин-эозин x 400**

